

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ПІКІРТЕРІМ НӘТИЖЕЛЕРІ

Сауалнама жүргізілген күндер: 2025 жылғы 13-19 ақпан

Респонденттердің саны: 15

(AERC, BCC Invest, Citigroup, Halyk Finance, ING, Jusan Invest, NAC, AKPA, Еуразиялық Даму Банкі, Еуразиялық тұрақтылық және даму қоры, Еуразиялық экономикалық комиссия, Сентрас Секьюритиз, Синара инвестициялық банкі, Фридом Финанс, Эксперт РА)

Пікіртерім нәтижелері (респонденттер болжамының медианалық мәні, жақша ішінде алдыңғы болжамдардың медианалық мәні берілген):

Көрсеткіш	2024 (факт/ бағалау*)	2025	2026	2027
Brent маркалы мұнай бағасы бір баррель үшін АҚШ долл., жылына орта есеппен	80,7	75,0 (75,0)	72,0 (74,0)	72,0 (75,0)
ЖІӨ %, ж/ж	4,8*	4,9 (4,7)	4,5 (4,5)	4,5 (4,5)
ТБИ %, желт. өткен жылғы желт.	8,6	8,7 (7,5)	7,0 (6,5)	5,8 (5,6)
Базалық мөлшерлеме жылдық %, жылына орта есеппен	14,7	15,3 (14,7)	12,7 (11,8)	10,0 (10,5)
Тауарлар мен қызметтер экспорты жылына млрд АҚШ долл.	91,3*	92,3 (89,5)	93,1 (91,8)	93,6 (91,6)
Тауарлар мен қызметтер импорты жылына млрд АҚШ долл.	73,6*	72,3 (74,7)	74,0 (76,8)	76,5 (77,1)
USD/KZT бағамы жылына орта есеппен	469,0	514,0 (514,5)	535,0 (530,0)	550,0 (550,0)
Бейтарап базалық мөлшерлеме** Жылдық %	8,5 (9,0)			
ЖІӨ-нің ұзақмерзімді өсуі*** %, ж/ж	4,3 (4,3)			

МҰНАЙ БАҒАСЫ. 2025 жылға арналған мұнай бағасы бойынша сценарий шарттары баррель үшін **75** АҚШ доллары деңгейінде сақталды, ал 2026 және 2027 жылдарға болжам қайта қаралып, баррель үшін **72** АҚШ долларына дейін біраз төмендеді.

ЖІӨ. Қазақстан экономикасының өсуі бойынша 2025 жылға арналған болжам 4,7%-дан **4,9%**-ға дейін жақсарды. 2026 және 2027 жылдары ЖІӨ өсуі **4,5%**-ға теңеседі деп күтілуде.

ТБИ. Инфляция бойынша болжамдар барлық болжамды кезеңде өсу жағына қарай қайта қаралды. Осылайша, 2025 жылға арналған болжамдардың медианасы

*ЖІӨ - ҚР СЖЖРА жедел деректері, экспорт/импорт - ҚРҰБ алдын ала бағалауы

** Ақша-кредит саясат ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсатта сондай-ақ ЖІӨ-ді әлеуетті деңгейде сақтауын қолдайтын базалық мөлшерлеме

*** 5 жыл ауқынында әлеуетті ЖІӨ өсуінің күтілетін орташа қарқыны

7,5%-дан **8,7%**-ға дейін, 2026 жылға – 6,5%-дан **7%**-ға дейін, 2027 жылға – 5,6%-дан **5,8%**-ға дейін өсті.

БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. 2025 және 2026 жылдарға арналған жылдық орташа базалық мөлшерлеме бойынша күтулер жоғары болды. Бұл, респонденттер базалық мөлшерлеме көтеріледі немесе оның жоғары деңгейі ұзағырақ сақталады деп күтетінін көрсетеді. 2025 жылға арналған күтулер 14,7%-дан **15,3%**-ға дейін, 2026 жылға – 11,8%-дан **12,7%**-ға дейін өсті. 2027 жылға арналған күтулер 10,5%-дан **10%**-ға дейін төмендеді.

ТАУАР МЕН ҚЫЗМЕТ ЭКСПОРТЫ. Тауар мен қызмет экспорты бойынша респонденттердің болжамы аса өзгеріске ұшырамады. 2025 жылға болжам **92,3** млрд АҚШ долларына (бұрын – 89,5 млрд АҚШ доллары), 2026 жылға – **93,1** млрд АҚШ долларына (91,8 млрд АҚШ доллары), 2027 жылға – **93,6** млрд АҚШ долларына (91,6 млрд АҚШ доллар) тең.

ТАУАР МЕН ҚЫЗМЕТ ИМПОРТЫ. Тауар мен қызмет импорты бойынша респонденттердің болжамы да аса өзгерген жоқ. Барлық болжамды кезеңде 72-77 млрд АҚШ доллары аралығында қалыптасып отыр.

USD/KZT БАҒАМЫ. USD/KZT бағамы бойынша сарапшылардың күтулері көп өзгермеді. 2025 жылы USD/KZT бағамы орташа алғанда 1 АҚШ доллары үшін **514** теңге, 2026 жылы – **535** теңге, 2027 жылы – **550** теңге деңгейінде күтіледі.

БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Базалық мөлшерлеме 9%-дан **8,5%**-ға дейін төмендеді. Өйткені ақша-кредит саясаты ұзақмерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсатты және ЖІӨ-ні әлеуетті деңгейде қолдайды.

ЖІӨ ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ӨСУІ. Респонденттердің әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқынын 5 жыл шегінде бағалауы **4,3%** деңгейінде сақталды.

Көптеген макрокөрсеткіштердің **болжамдық диапазоны** барлық болжамдық горизонтта айтарлықтай кең қалпында, ал олардың динамикасы әртүрлі бағытта сақталып қалып отыр. Бұл өз кезегінде аналитиктерді ішкі және әлемдік экономиканың дамуына қатысты қысқа және ортамерзімді болашақта белгісіздікте қалдырады.